

Көкшетау қалалық мәслихатының 2014 жылғы 20 наурыздағы № С-24/4 "Көкшетау қалалық мәслихатының Регламентін бекіту туралы" шешіміне езгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2014 жылғы 9 қазандағы № С-30/3 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 7 қарашада № 4438 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2016 жылғы 9 тамыздағы № С-3/8 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 09.08.2016 № С-3/8 (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Көкшетау қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Көкшетау қалалық мәслихатының "Көкшетау қалалық мәслихатының Регламентін бекіту туралы" 2014 жылғы 20 наурыздағы № С-24/4 (Нормативтік күқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4138 тіркелген, 2014 жылғы 22 мамырда "Көкшетау" және "Степной маяк" газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі езгерістер енгізілсін:

"Жалпы ережелер" тарауының атауы жаңа редакцияда баяндалсын:

"1. Жалпы ережелер";

122 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"122. Қайта сайлау бастапқы сайлаудан кейін екі ай мерзімнен кешіктірілмей өткізіледі. Қайта сайлауды өткізу кезінде жүзеге асырылуы көзделген сайлау іс-шаралары Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңына сәйкес өткізіледі.";

127 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"127. Қалалық мәслихаттың жұмыс тобы саяси партиялардан, басқа да қоғамдық бірлестіктерден, олардың құрылымдық бөлімшелерінен, жоғары тұрган комиссиялардан, қалыптастырылатын сайлау комиссиясының құрамына үміткерлер туралы ұсыныстарды жинақтаумен айналысады.

Қалалық, округтік, участекелік комиссиялардың құрамына тиісті саяси партияның бір ғана өкілі кіре алады.

Саяси партиялар, сондай-ақ олардың құрылымдық бөлімшелердің сайлау комиссиясының құрамына аталған саяси партиясының мүшесі болып табылмайтын үміткерді ұсыну құқығы бар.

Саяси партиялардың, басқа да қоғамдық бірлестіктердің, жоғары тұрған комиссияның жұмыс тобына ұсынатын құжаттар тізіміне кіреді:

- 1) саяси партияның немесе басқа да қоғамдық бірлестіктің, олардың құрылымдық бөлімшелерінің отырыс хаттамасының көшірмесі;
- 2) тиісті сайлау комиссиясының құрамына үміткер ұсыну туралы жоғары тұрған сайлау комиссиясы шешімінің көшірмесі;
- 3) әділет органдарында саяси партияның немесе өзге де қоғамдық бірлестіктің, олардың құрылымдық бөлімшесінің тіркелуі туралы құжаттың көшірмесі;
- 4) сайлау комиссиясының жұмысына өз қалауымен қатысатыны туралы үміткердің тиісті мәслихатқа өтініші;

5) үміткер туралы өмірбаяндық мәліметтер.";

130 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"130. Шешім жобалары мен бюллетендер жеке дайындалады:

- 1) қалалық сайлау комиссиясы бойынша;
- 2) Көкшетау қалалық мәслихатының депутаттарын сайлау бойынша;
- 3) округтік сайлау комиссиялары бойынша;
- 4) участекелік сайлау комиссиялары бойынша.".

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Бесінші шақырылған

**Көкшетау қалалық
мәслихатының 30-шы кезекті
сессияның төрағасы**

Бесінші шақырылған

**Көкшетау қалалық
мәслихатының хатшысы**

Ә.Баймағамбетов

Б.Бегалин